«Жетісу облысының цифрлық технологиялар басқармасы» ММ
2026 жылдың III тоқсаны бойынша атқарылған жұмысы туралы есеп

Интернет инфрақұрылымын дамыту

«Республикалық жолдар бойында антенна-мачталық құрылыстар салу» жобасы

13 антенна-діңгек құрылыстың *(АДҚ)* 11-іне құрылыс жүргізу үшін жобалық-сметалық құжаттама *(ЖСҚ)* әзірлеу аяқталды.

2 АДҚ құрылысы экономикалық тұрғыдан тиімсіз деп танылып, нысандарды алып тастау туралы ұсыныспен ҚР ЖИЦДМ-*на (27.09.2024 ж. және 18.02.2025 ж.)* хаттар жолданды. Бүгінгі таңда 2 нысан тізімнен алынды.

Мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы барлық 11 АДҚ бойынша алынды:

- Ақсу ауданы – 1
- Алакөл ауданы – 3
- Кербұлақ ауданы – 1
- Көксу ауданы – 3
- Панфилов ауданы – 2
- Сарқан ауданы – 1

Қазіргі уақытта мемлекеттік сараптамадан өткен АДҚ құрылысы бойынша жобалық-сметалық құжаттаманың әлеуетті инвесторға 6 жобасы сатылды. Қалған 5 жоба сатылмады. *(Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігімен инвестор болып «Транстелеком» АҚ белгіленді).*

Талшықты-оптикалық байланыс желілері (ТОБЖ) арқылы ауылдық елді мекендерге (АЕМ) кең жолақты интернетпен (КЖИ) қамтамасыз ету жобасын іске асыру:

ЦДИАӨМ мен «Қазақтелеком» АҚ арасында инвестициялық келісім аясында жобаны іске асыру көзделуде. Біздің тарапымыздан байланыс комитетіне 50 адамнан астам халқы бар 158 АЕМ тізімі жолданды. ТОБЖ тарту және жоғары жылдамдықтағы интернетпен қамтамасыз ету 2027 жылдың соңына дейін жүзеге асырылады. Қазіргі таңда Алакөл, Ақсу және Кербұлақ аудандарында тиісті жұмысар жүргізілуде.

Кең жолақты интернет қызметтерін ұсыну үшін ғарыштық байланыс жүйесінің ресурстарын пайдалана отырып, халық аз қоныстанған ауылдық елді мекендерге спутниктік арналар ұйымдастыру іс шарасы:

Осы іс-шара бойынша жерсеріктік технологиясымен «Jusan Mobile» АҚ жүзеге асырады. Облыс бойынша 15 АЕМ-де орнатылып, штаттық режимде жұмыс істеп тұр.

АЕМ-де үй шаруашылықтарына дейінгі интернеттің «соңғы милін» субсидиялау іс шарасы:

Аталған іс-шараны жүзеге асыру үшін Телекоммуникация комитетіне 165 АЕМ тізімі жолданды. Бұл іс-шараны Халықаралық қайта құру және даму банкінің қарызы есебінен және республикалық бюджеттен бірлесіп қаржыландыру арқылы іске асыру жоспарлануда.

Ақпараттық қауіпсіздік

Киберқатерлерге ден қою бойынша «Мемлекеттік техникалық қызмет» АҚ-мен өзара іс-қимыл

MISP веб-платформасын пайдалана отырып, ақпараттық қауіпсіздікке қатысты қауіптер мен инциденттерді анықтау, талдау және ден қою бойынша өзара іс-қимыл туралы келісім жобасы әзірленді.

Анықталған инциденттер

2026 жылдың *(қаңтар-қыркүйек)* қорытындысы бойынша облыс әкімдігінің мемлекеттік мекемелері мен ведомстволық бағыныстағы ұйымдарында ақпараттық қауіпсіздікке қатысты **712** қауіп пен инцидент анықталды.

Барлық жағдайлар бойынша мемлекеттік органдарға ұсынымдары бар хаттар жолданды.

Жетісу облысының «SmartGeoHub» өңірлік геоақпараттық жүйесі

https://map.e-zhetisu.kz

Облыстың аудандары мен қалаларында ӨГАЖ базасында объектілерді мониторингтеу үшін дрондар қолданылуда. 2025 жылғы **291 объектінің** мониторингі штаттық режимде жүргізілуде: барлық объектілер өтпелі сипатқа ие, бұл процестің үздіксіздігін қамтамасыз етеді.

2026 жылға **203** объектіні мониторингілеу жоспарланған, тиісті тізім өзектендіру сатысында. Бұл сандық көрсеткіш жоспарлы болып табылады және бағдарламаны іске асыру барысында толықтырылатын болады. Қазіргі уақытта облыстың қалалары мен аудандары аталған объектілер бойынша паспорттық мәліметтерді толтыру жұмыстарын жүргізуде.

ӨГАЖ базасында 2026 жыл бойынша келесі бағыттарда **203** объект орналастырылған: **әлеуметтік сала, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, төтенше жағдайлар, ауыл шаруашылығы, жолдар.**

«Әлеуметтік сала» бөлімінде (24 объект) білім беру **(17)**, денсаулық сақтау **(3)**, спорт **(1)** және мәдениет **(1)** және басқа да **(2)** объектілеріне мониторинг жүргізілуде.

Анықтама үшін: *Білім беру: құрылыс 1| күрделі жөндеу 1| ағымдағы жөндеу 14| аумақты абаттандыру 1*

Денсаулық сақтау: құрылыс 2| сейсмикалық күшейту 1

Спорт: спорт алаңын салу 1

Мәдениет: ағымдағы жөндеу 1

«Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық» бөлімінде (114 объект) сумен жабдықтау бойынша инфрақұрылымдық жобаларға мониторинг жүргізілуде **(8)**, электрмен жабдықтау **(32)**, жылумен жабдықтау **(1)**, газбен жабдықтау **(4)**, кәріз-тазарту құрылыстары **(1)**, қатты тұрмыстық қалдықтар **(23)** көркейту **(21)**, тұрғын үйлер **(9)**, аулаларды жаңғырту **(1)** және басқа да **(14)**.

«Төтенше жағдайлар» бөлімінде тасқын қауіпті учаскелерге (немесе объектілерге) мониторинг жүргізіледі **(60)**, қар көшкіні қаупі бар **(5)**, көшкін қаупі бар учаскелер **(10)**, сел қаупі бар учаскелер **(58)**, орман

шаруашылықтарының жер учаскелері **(270),** өрт сөндіру бөлімдері **(18),** жарылу қаупі бар мореналық көлдер **(27)** бойынша мониторинг жүргізілуде, сондай-ақ «ҚазақстанҒарышСапары» ҰК» АҚ-нан алынатын термиялық нүктелер бойынша деректер интеграция арқылы енгізілуде (күніне **8** рет жаңартылады).

«Ауыл шаруашылығы» бөлімінде келесі кіші бөлімдер құрылған: ***Ветеринария*** – **71** мал қорымы, **129** сібір жарасы көмілген орындар және **29** блокты-модульдік ветеринариялық пункт бойынша ақпарат енгізілген;

Өсімдік шаруашылығы – **328** карантиндік объект бойынша ақпарат орналастырылған;

Шаруа қожалықтары – **20 015** жер пайдаланушы, жер түрлері, мал басы саны, ауыл шаруашылығы техникасы және жұмыс орындары туралы мәліметтер енгізілген.

Жайылымдар – алқаптарды мониторингтеу шеңберінде жайылымдардың шекаралары орналастырылған, оның ішінде бекітілгені – **645** және мемлекеттік меншікке қайтарылуы тиіс – **394**;

Пайдаланылмайтын жерлер – 2022–2025 жылдар аралығында мемлекеттік меншікке қайтарылған жер учаскелері бойынша ақпарат енгізілген – **1 267**, 2026 жылдың басынан бері – **10**.

Сондай-ақ, Жер ресурстарын пайдалану департаментінің ***берілген ұйғарымдары*** бойынша ақпарат жүктелді (2022 – **38**, 2023 – **54**, 2024 – **71**, 2025 – **77**, 2026 – **45**, барлығы – **285**).

Су шаруашылығы – **1 641** объект енгізілген: **18** гидроторап, **19** су қоймасы, **6** су алу нүктесі, **4** бөгет, **115** магистральдық канал, **775** шаруашылық ішіндегі канал, **166** шаруашылықаралық канал, **538** коллектор.

«Жолдар» бөлімінде:

Қазіргі уақытта құрылыс немесе жөндеу жұмыстары жоспарланған не жүргізіліп жатқан автомобиль жолдарының тізімі анықталды (*барлығы* – **43**).

«Жетісу облысының жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары басқармасы» ММ аудандар, қалалар әкімдіктерімен және «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ-мен бірлесіп облыстық маңызы бар **10** жол мен аудандық маңызы бар **33** жолды енгізді және олар бойынша мониторинг жүргізуде.

2026 жылғы I жартыжылдық бойынша ұшқышсыз ұшу аппараттарын пайдалана отырып, объектілерге мониторинг жүргізу мәселесі бойынша аудандық әкімдіктерге 11.09.2026 жылғы № 51-01-109/470-И хат жіберілді. Хатта жиынтық есеп жеткізіліп, анықталған кемшіліктерді жою және объектілер бойынша ақпаратты өзектендіру қажеттілігі көрсетілген. Кемшіліктерді жою мерзімі 2026 жылдың қазан айының басына дейін белгіленді, кейіннен атқарылған жұмыстар туралы ақпарат ұсынылуы тиіс.



Әлеуметтік және инфрақұрылымдық объектілердің, жолдардың құрылыс барысын мониторингтеуге, сондай-ақ ауыл шаруашылығы, ветеринария, төтенше жағдайлар, жер қатынастары, кәсіпкерлік және өнеркәсіп салалары бойынша деректер базасын жүргізуге мүмкіндік беретін құрал әзірленді.

«Мемлекеттік меншіктен жер учаскесін немесе жер учаскелерін жалға алу құқығын электрондық нысанда сату жөніндегі сауда-саттықты (аукциондарды) ұйымдастыру және өткізу арқылы берілуі» қызметі бойынша 2026 жылдың сәуір мен маусым айлары аралығындағы кезеңде өтініштердің жалпы саны **35-ті** құрады, оның ішінде:

1) Талдықорған қ. – өңдеуде – **22**; мақұлданған – **0**, бас тартылған – **0**, тіркеуде – **0**.
2) Жаркент қ. – өңдеуде – **13**; мақұлданған – **0**, бас тартылған – **0**, тіркеуде – **0**.
3) Текелі, Үшарал, Сарқан, Үштөбе қалалары бойынша өтінімдер түскен жоқ.

«Жер қойнауын пайдалану мониторингі» модулі

map.e-zhetisu.kz

«Жер қойнауын пайдалану мониторингі» модулі жер қойнауын пайдаланушылардың келісімшарт талаптарын сақтауын бақылауға және келісімшарттық міндеттемелердің орындалуын мониторингтеуге арналған.

Модульде келесі функционал жүзеге асырылған:

- цифрлық есептерді жинау және талдау;
- ведомствоаралық деректер алмасу;
- көппайдаланушылық келісу және тізілімдермен жұмыс;
- автоматтандырылған талдау және есептілік;
- объектілер бойынша паспорттық және ағымдағы деректерді көрсету;
- келісімшарттық міндеттемелердің орындалуын бақылау.

Келесі жұмыстар жүргізілді:

– 2025 жылғы көктемгі кезеңде анықталған **257** құқық бұзушылық бойынша есеп дайындалды;

– 2025 жылғы күзгі кезеңде анықталған **276** құқық бұзушылық бойынша есеп дайындалды;

– жер қойнауын пайдаланушылар, лицензиялар және келісімшарттар бойынша мәліметтер енгізілді;

– Жетісу облысының МКД, прокуратура және Жетісу облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы үшін есептік жазбалар өзектендірілді;

– техникалық қолдау мен консультациялар қамтамасыз етілуде, WhatsApp-та топ жұмыс істейді.

Жүйенің ағымдағы деректері:

• жер қойнауын пайдаланушылар – **179**;

• лицензиялар – **107** *(оның ішінде 36 – старательдік бойынша);*

• келісімшарттар – **137** *(оның ішінде 14 – қатты пайдалы қазбалар бойынша);*

• тіркелген бұзушылықтар – **177** *(2026 жылдың көктем кезеңі).*

Жоспарлар:

2026 жылдың күзгі кезең бойынша бұзушылықтарға мониторинг жүргізу.

«i-Jetisu» сервисі

https://ijetisu.kz/

Мақсаты – коммуналдық қызметтерді онлайн-форматта алуды жеңілдету.

2024 жылғы 12 қаңтарда табиғи монополия субъектілерінің (ТМС) өкілдерімен кездесу өткізіліп, олардың қызметтерін проактивті форматқа көшіру мәселелері талқыланды.

2025 жылғы 2 сәуірде №135/НҚ «Жылжымайтын мүліктің жаңа меншік иелері мен коммуналдық қызмет көрсетушілер арасындағы шарттарды жасасу бизнес-процесін оңтайландыру бойынша пилоттық жобаны іске қосу туралы» бірлескен бұйрыққа қол қойылды. Деректер базаларын интеграциялау бойынша өтінімдер беріліп, олар ҚР Әділет министрлігі тарапынан қол қойылып, сәтті тестілеуден өтті. Порталға сілтеме «электрондық үкімет» egov.kz порталында орналастырылған және бірыңғай авторизация қолданылған *(пайдаланушыға сілтеме арқылы өткен кезде қайта авторизация қажет емес).*

Қазіргі уақытта порталда коммуналдық қызметтер бойынша **31** қызмет қолжетімді:

1. Жылжымайтын мүлік меншік иесі ауысқан кезде коммуналдық қызметтер көрсетуге шарттар жасасу (композиттік қызмет) – **1** қызмет:

«Композиттік қызмет» (2025 жыл) – **9** өтінім.

2. МКК «Жетісу Водоканал» – **3** қызмет:

– «Жетісу Водоканал» (2022 жыл) – 201 өтінім;
– «Жетісу Водоканал» (2023 жыл) – 456 өтінім;
– «Жетісу Водоканал» (2024 жыл) – 170 өтінім;
– «Жетісу Водоканал» (2025 жыл) – 12 өтінім.

3. ШЖҚ КМК «Талдықорғанжылусервис» – **9** қызмет:

- «Талдықорғанжылусервис» (2022 жыл) – 198 өтінім;
- «Талдықорғанжылусервис» (2023 жыл) – 455 өтінім;
- «Талдықорғанжылусервис» (2024 жыл) – 159 өтінім;
- «Талдықорғанжылусервис» (2025 жыл) – 12 өтінім.

4. «Талдықорған акционерлік көлік-электржелілік компаниясы» АҚ (ТАТЭК) – **11** қызмет:

- «ТАТЭК» (2022 жыл) – 192 өтінім;
- «ТАТЭК» (2023 жыл) – 455 өтінім;
- «ТАТЭК» (2024 жыл) – 157 өтінім;
- «ТАТЭК» (2025 жыл) – 13 өтінім.

5. «ТАТЭК» АҚ «Электр энергиясын жабдықтау және өткізу» филиалы – 6 қызмет (2025 жыл):

- (ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР) Тұрмыстық тұтынушылар үшін (пәтерге) электрмен жабдықтау шартын жасасу – **1** өтінім;
- (ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР) Жеке үй немесе пәтер үшін электрмен жабдықтау шартын бұзу – **1** өтінім.

6. Проактивті қызметтер (меншік иесі ауысқан кезде қызметтерді көрсетуге шарт жасасу: электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау) – **1** қызмет.

Қызметтерді көрсетудің проактивті форматын енгізу мақсатында жылжымайтын мүлік тіркелімі мемлекеттік деректер базасымен (ЖМТ МДБ), eGov Mobile қосымшасы арқылы құжаттарға қол қоюға арналған QR сервисімен, сондай-ақ SMS-хабарламаларды жіберуге арналған 1414 сервисімен интеграциялау орындалды. Порталға сілтеме «электрондық үкіметтің» egov.kz порталында бірыңғай авторизацияны пайдалана отырып орналастырылды (өтініш берушіге сілтеме бойынша өткен кезде қайта авторизациялану талап етілмейді).

Бұл пилоттық жоба жаңа меншік иесін мұндай қажеттілік туралы SMS-хабарлама арқылы автоматты түрде хабардар ету және осы SMS-хабарламаға жауап беру арқылы шарт жасасуға өтініш беру мүмкіндігін ұсыну жолымен жылжымайтын мүліктің меншік иесі ауысқаннан кейін коммуналдық қызметтерді көрсетуге шарттар жасасу рәсімін (*жеке тұлғалар үшін*) автоматтандыруға және жеңілдетуге бағытталған. Бұл ретте барлық негізгі СЕМ-мен (табиғи монополиялар субъектілерімен) шарттар СЕМ кеңсесіне жеке бармай-ақ, автоматты түрде жасалатын болады.

2025 жылдың басынан бастап «i-Jetisu» сервисі арқылы **48** өтінім өңделді. 2026 жылдың III тоқсанында «i-Jetisu» сервисі арқылы өтінімдер түскен жоқ.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 11 тамыздағы № 28 отырыс хаттамасын орындау үшін Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Қ. Б. Сейтімбетовпен бірлесіп, 02.09.2026 жылы Талдықорған қаласының табиғи монополиялар субъектілерімен – «Жетісу Водоканал» ЖШС, «Талдықорғантеплосервис» ЖШС, «ТАТЭК» АҚ және электр энергиясын

қамтамасыз ету және өткізу жөніндегі филиалмен жұмыс кездесуі өткізілді. Жұмыс тобы құрылды, жүйе тестілеуден және тексеруден өтті. Табиғи монополиялар субъектілері (СЕМ) арасында келісім жасалып, ол қазіргі уақытта қол қою сатысында.

Аталған жоба азаматтарға коммуналдық қызметтерді онлайн түрде алудың ыңғайлы тәсілін ұсынады.

«Жетісу облысының инвестициялық картасы» модулі

https://invest.map.e-zhetisu.kz/

Жетісу облысының «SmartGeoHub» өңірлік геоақпараттық жүйесі шеңберінде инвестициялық жобаларды мониторингтеу функционалы іске асырылған, онда жұмыс істеу үшін аудандарға, қалаларға және облыстық басқармаларға есептік жазбалар берілген. Қазіргі уақытта оларды өзектендіру және жүйені паспорттық деректермен толықтыру бойынша белсенді жұмыстар жүргізілуде.

«Жетісу облысының Кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы» ММ-сі мен әкімдіктер тарапынан «Жетісу облысының инвестициялық картасы» модуліне **158** объектіден тұратын пул жүктелді.

Бұдан бөлек, келесі бағыттар бойынша ақпарат енгізілді: 2025 жылы іске асырылатын **33** жоба, 2024 жылы іске асырылған **49** жоба, 2023 жылы пайдалануға берілген **47** жоба, 2030 жылға дейін іске асырылуы жоспарланған **37** жоба, **11** жүйе құраушы кәсіпорын, инвестицияларды қажет ететін **19** жоба, **524** өнеркәсіп нысаны және 2026 жылы іске асырылатын **12** жоба. Аудандар бөлінісіндегі көрсеткіштерді салыстыру жұмыстары 2026 жылғы 09 сәуірден басталды. Қазіргі уақытта аталған жұмыс жалғасуда.

Сонымен қатар, әлеуетті инвесторлар үшін инвестициялық жобаларға онлайн форматта өтінім беру мүмкіндігі техникалық тұрғыда жүзеге асырылған. Осы мүмкіндіктің толыққанды жұмыс істеуі үшін Кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасында инвестицияны қажет ететін жобаларды дайындау жұмыстары жүргізілуде. Аталған жобалар ұсынылғаннан кейін картаға орналастырылып, әлеуетті инвесторларға қолжетімді болады және өтінім беру мүмкіндігі ұсынылады. Бұл өз кезегінде процестерді жеңілдету және ақпараттың ашықтығы арқылы Жетісу облысына инвестиция тартудың тиімді құралы болып табылады.

«e-zhetysu» бағдарламалық өнімі

https://e-zhetysu.kz

«e-zhetysu» бағдарламалық өнімі (бұдан әрі – БӨ) Жетісу облысында білім беру саласындағы мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру мақсатында іске асырылған. Қазіргі уақытта аталған БӨ-де білім беру саласындағы **3** мемлекеттік қызмет автоматтандырылған және 2026 жылғы шілде айынан бастап қыркүйек айындағы жағдай бойынша **17 977** өтінім қабылданды.

Күнделікті негізде қызмет көрсетушілер мен қызмет алушыларға *(аудандық бөлімдер, мектептер, мектепке дейінгі ұйымдар, ата-аналар)* БӨ арқылы мемлекеттік

қызметтерді көрсету және алу бойынша консультациялық қолдау жұмыстары жүргізілуде.

Білім беру ұйымдарында контингентті есепке алу *(жалған тіркелімдерді болдырмау мақсатында)* үшін «Контингент» модулі әзірленіп, енгізілді, сондай-ақ облыстың білім бөлімдерінің мектепке дейінгі ұйымдарының жауапты қызметкерлеріне оқыту жүргізілді. Білім алушылардың келуін автоматты түрде есепке алу мақсатында тұлғаны биометриялық тану және QR-кодты оқу бағдарламалық қамтамасыз етуіне сервистік қызмет көрсету туралы келісімшарт жасалды. Қазіргі уақытта контингент есебі бойынша облыстың мектепке дейінгі ұйымдарына **26 419** бала барады.

Ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін тексеруден өту мақсатында тиісті келісімшарттар жасалып, ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі туралы оң қорытындылар алынды.

Бағдарламалық өнім пайдалануға енгізіліп, штаттық режимде жұмыс істеп тұр. Қазіргі уақытта оны техникалық сүйемелдеу және қолдау жұмыстары жүргізілуде, оның ішінде анықталған ақауларды жою, жұмыс қабілеттілігін мониторингтеу, сондай-ақ жоспарлы жаңартулар мен баптауларды орындау жүзеге асырылуда.

«Geonomics Электорат» бағдарламалық өнімі

10.0.48.34

Сайлаушылар тізімімен тиімді жұмыс істеу мақсатында «Geonomics Электорат» мамандандырылған бағдарламалық өнімі (бұдан әрі – Электорат) сатып алынды. Аталған жүйе «Жеке тұлғалар» мемлекеттік деректер базасымен және «Мекенжай регистрі» ақпараттық жүйесімен интеграцияның арқасында сайлаушылар тізімін автоматтандырып, оны өзекті күйде ұстауға мүмкіндік береді.

Бұл бағдарламалық өнім мемлекеттік органдардың сайлаушылар тізімімен жұмыс істеу, оларды өзектендіру, сайлаушыларды тұрғылықты жеріне байланыстыру, жылжымайтын мүлік объектілерінің орналасуы бойынша картографиялық деректермен жұмыс істеу, оларға байланысты мекенжай базасын сәйкестендіру, сайлау учаскелерінің орналасуын анықтау, сайлау аудандары мен округтерінің шекараларын белгілеу және редакциялау процестерін автоматтандыруды қамтамасыз етеді.

Қазіргі уақытта сайлаушыларды өзектендіру «Жеке тұлғалар» МДБ және «Мекенжай регистрі» АЖ-дан мәліметтерді автоматты түрде алу арқылы жүргізіледі. Бұл сайлау учаскелерінде сайлаушылардың қайталануын, қосарланған дауыс беру және кез келген учаскеде дауыс беру ықтималдығын болдырмауға мүмкіндік береді.

Сайлаушылар үшін Call-орталық ұйымдастыру мақсатында Бірыңғай байланыс орталығы «109 қызметі» тартылған. «109» нөміріне қоңырау шалу облыс аумағында тегін болып табылады. Call-орталық тәулік бойы жұмыс істейді және бір мезгілде **10** қоңырауға дейін қабылдай алады.

Сонымен қатар, сайлау өткізу кезінде халыққа сайлаушылар тізімінде өзін-өзі тексеру және өз сайлау учаскесіне тиесілігін онлайн форматта қарау мүмкіндігін беру мақсатында арнайы тексеру сервисі (https://sailau.e-zhetisu.kz/) және телеграм-бот (@sailau_zhetysu_bot) іске қосылған.

2026 жылғы 23 тамызда Жетісу облысында «Құрылтай» сайлауын өткізу шеңберінде сайлау процесіне тартылған ақпараттық жүйелер мен цифрлық сервистердің үздіксіз жұмыс істеуі қамтамасыз етілді. Техникалық сүйемелдеу штаттық режимде жүзеге асырылды. Сайлау қорытындысы бойынша ақпараттық жүйелер мен сервистердің жұмысында іркілістер мен бұзушылықтар тіркелген жоқ.

Бүгінгі таңда тізілімде **442 860** сайлаушы тіркелген.

IT саласында оқыту бойынша іс-шаралар

2026 жылдың шілде мен қыркүйек айлары аралығында «Жобаларды басқару» бөлімі «Jetisu Digital» IT HUB-ын дамыту, білім беру бастамаларын іске асыру, стартап-экосистеманы қолдау, ақпараттық технологиялар саласындағы іс-шараларды ұйымдастыру, мемлекеттік органдармен және серіктестермен өзара іс-қимыл жасау, сондай-ақ Жетісу облысын цифрландыру жобаларын сүйемелдеу бойынша жұмыстар жүргізді.

«Jetisu Digital» IT HUB-ы Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 20 қазандағы тапсырмасын орындау шеңберінде құрылып, 2023 жылғы 13 наурызда ресми түрде ашылды. Талдықорған қаласы бойынша «ИЦҚ» АФК филиалы мен «Жетісу облысының Цифрлық технологиялар басқармасы» ММ арасында 101 іс-шараны қамтитын 2026 жылға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді. Есепті кезеңге сәйкес **85 іс-шара** орындалды.

Жоспарды іске асыру және өңірдің стартап-экосистемасын дамыту шеңберінде бірқатар негізгі конкурстық және білім беру іс-шаралары ұйымдастырылды:

- **2026 жылғы 29 шілдеде** Жетісу облысында туризмді дамытуға арналған «Pizza Pitch» тақырыптық конкурсы өтті. Іс-шараға 34 адам қатысып, финалда 11 жоба ұсынылды (бағыттарды жоспарлау, гидтерді іздеу, демалыс базаларын автоматтандыру бойынша цифрлық сервистер). Қазылар алқасының дауыс беру қорытындысы бойынша ақшалай жүлделерге ие болған 3 жеңімпаз анықталды (100, 75 және 50 мың теңге).
- **2026 жылғы 20 тамызда** еркін тақырыпта «Pizza Pitch» конкурсы өткізілді. Әртүрлі бағыттарда цифрлық шешімдерін ұсынған 10 команда қатысты. Жеңімпаздар 200, 150 және 100 мың теңге көлеміндегі жүлделермен марапатталды.
- **2026 жылғы 23 қыркүйекте** «AI Month» бастамасы шеңберінде «Jetisu Digital» IT-хабы базасында «Білім берудегі ЖИ» (EdTech) бағытына арналған «Pizza Pitch» конкурсы өтті. 40 қатысушы 10 инновациялық жобаны ұсынды (мұғалімдер мен оқушыларға арналған ЖИ-ассистенттер, білім беру сервистері мен қауіпсіздік жүйелері). Қазылар алқасының

бағалау қорытындысы бойынша 3 үздік жобаға ақшалай жүлделер тапсырылды (200, 150 және 100 мың теңге).

Стартап-экосистеманы дамыту және білім беру іс-шараларын өткізу бойынша қызметтер көрсету шеңберінде «Ақпараттық технологиялар орталығы» КММ мен «Astana Hub» АКҚ арасында 2026 жылғы 11 маусымдағы № 220840049988/260040/00 Шартын іске асыру жалғасуда. «Startup Orda 2.0» бағдарламасы аясында II тоқсан бойынша есепті дайындау және тапсыру жүзеге асырылды («Astana Hub» АКҚ 30.07.2026 ж. қабылдады), жұмыс бекітілген кестеге сәйкес жалғасуда.

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің қолдауымен **Samsung Innovation Campus** білім беру бағдарламасын іске асыру жалғастырылды:

- **8-ағын (Python):** оқу процесі аяқталды, 2026 жылғы 28 шілдеде емтихан нәтижелері жарияланып, 40 тыңдаушыға сертификаттар табысталды.
- **9-ағын (Python):** 2026 жылғы 15–25 қыркүйек аралығында 13 пен 25 жас аралығындағы жастарға арналған тегін 4 айлық курсқа қабылдау жүргізілді. Білім басқармасы, И. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, НЗМ, «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» лицей-интернаты және колледждер мекенжайына ресми хаттар жіберілді (№ 08-51/1624-И). Іріктеу қорытындысы бойынша орыс тілінде оқытылатын 2 топ жасақталып, сабақтар **2026 жылғы 29 қыркүйекте** «Jetisu Digital» IT-хабы базасында басталып кетті.

III тоқсанда «Жетісу жастары» орталығы базасында (Талдықорған қ., Қонаев көш., 47) **«Tomorrow School»** ауқымды жобасын (бағдарламалау және жасанды интеллект мектебі) іске қосу мен іске асыруға ерекше көңіл бөлінді:

- Мәслихат шешімімен лицензия сатып алуға 92,8 млн теңге бөлінді. Рәсімдер қорытындысы бойынша 2026 жылғы 20 шілдеде «Astana Hub» АКҚ-мен № 220840049988/260053/00 шарты жасасылды.
- Жабдықтар (50 моноблок, эргономикалық жиһаз, офистік гарнитура) толық көлемде жеткізіліп, орнатылды. 24 шілдеде Astana Hub және «АШО» КММ мамандары лицензиялық БҚ орнатып, техниканы баптауды жүргізді. 10 тамызда әкімшілік ету үшін қосымша 2 ДК берілді.
- **2026 жылғы 21 тамызда** «Tomorrow School» өңірлік кампусының ресми ашылуы өтті.
- **1-ағын («Бассейн»):** оқу 2026 жылғы 31 тамызда басталды. 695 өтінім өңделді, қарқынды оқуға 70 қатысушы кірісті, соңғы аптаны 11 қатысушы аяқтап, оның 6-уы негізгі оқуға таңдап алынды.
- **2-ағын («Бассейн»):** 2026 жылғы 28 қыркүйекте 90 қатысушы оқуды бастады.
- Халықты ақпараттандыру мақсатында мемлекеттік мекемелерге телефон арқылы хабарласып, Білім басқармасына және Жетісу университетіне хаттар жіберілді (№ 51-01-07/443-И, № 51-01-07/442-И), сондай-ақ 10 қыркүйекте №13 орта мектепте қала мектептерінің информатика пәні мұғалімдерімен түсіндірме кездесуі өткізілді.

«JETISU DIGITAL» өңірлік IT-форумын өткізуге дайындық шеңберінде 2026 жылғы 14–16 қазан аралығында «Атамекен» көрме кешенін ұсыну туралы Талдықорған қаласының Әкіміне ресми хат (17.09.2026 ж. № 51-01-07/477-И) дайындалып, жіберілді.

«Ашық деректер»

https://data.egov.kz/

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2023 жылғы 14 маусымдағы №246-НҚ бұйрығына сәйкес жергілікті атқарушы органдар (бұдан әрі – ЖАО) «Ашық деректер» интернет-порталында **51** деректер жиынтығын орналастырады. Облыстық деңгейде Ашық деректердің бірыңғай тізбесіне бекіту жүргізілген, оларды белгіленген мерзімдерде өзектендіру жұмыстары жүзеге асырылуда. Порталға деректерді орналастыру қолмен жүзеге асырылады, автоматтандыру жоқ.

2026 жылдың сәуір–маусым айлары аралығында атқарылған жұмыстар:

1. Порталды өзектендіру және толықтыру – ағымдағы жылдың 3 тоқсанында белгіленген мерзімдерде **34** деректер жиынтығы орналастырылды.

2. Ашық деректер жиынтықтары бойынша ақпаратты тарату және жинау, келесі есептік кезеңге жариялау үшін шаблондарды дайындау және тексеру.

3. Ашық деректерді жариялау/өзектендіру бойынша пайдаланушылардан келіп түсетін өтінімдерді қарау және күнделікті мониторинг жүргізу (ашық деректердің автоматтандырылған жұмыс орны арқылы). 2026 жылдың 2 тоқсанында өтінімдер түскен жоқ.

***Анықтама үшін**: бүгінгі таңда:*

– *ЖАО бойынша ашық деректердің орналастырылған жиынтықтарының үлесі бекітілген тізбеге сәйкес жалпы санының 100 %-ын құрайды;*

– *ЖАО бойынша ашық деректер жиынтықтарының өзектілігі порталда орналастырылғандар санына қатысты, бекітілген тізбеге сәйкес 100 %-ды құрайды;*

– *ЖАО бойынша ашық деректер жиынтықтарының өзектілігі порталда жарияланған жалпы санына қатысты 100 %-ды құрайды.*

Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасы (МО ИРБП)

https://www.gov.kz

МОИРБП–бұл мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарын орналастыруға арналған технологиялық платформа.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V ҚРЗ «Ақпараттандыру туралы» Заңының 14-тармағының 10 – бабына сәйкес жергілікті атқарушы органдар интернет-ресурстарды Мемлекеттік органдардың (МОИРБП) интернет-ресурстарының бірыңғай платформасында орналастырады, сондай-ақ олардың дұрыстығын және өзектендірілуін қамтамасыз етеді.

МОИРБП әкімшілік панелінде ММ қызметкерлерінің есептік жазбаларын құруға және өзгертуге өтінімдер беру бойынша жұмыс тұрақты негізде жүргізіледі. Орындалған өтінім саны 12.

Халыққа қызмет көрсету орталықтарына арналған интеграцияланған ақпараттық жүйе

web.iiscon.kz

Халыққа қызмет көрсету орталықтары үшін интеграцияланған ақпараттық жүйе (бұдан әрі–ХҚКО ИАЖ, жүйе)–халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы халыққа мемлекеттік қызметтер көрсету процесін автоматтандыруға арналған ақпараттық жүйе. Күн сайын мемлекеттік қызметтердің мерзімі өтіп кету қаупі бойынша жедел есептің мониторингі мен түсірілімі жүргізіледі. Мониторинг нәтижелері көрсетілген мемлекеттік қызметтер туралы есепті деректерді жинақтауға жауапты облыстық басқарманың және аудандық бөлімдердің мемлекеттік қызметшілеріне күнделікті жіберіліп отырады.

«Мемлекеттік органдардың электрондық пошта сервисі» веб интерфейсі

https://eps.gov.kz

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары арасындағы электрондық хат алмасуға арналған қорғалған мемлекеттік жүйе. Ол қызметтік электрондық құжаттар мен хаттарды цифрлық форматта жіберу, қабылдау, тіркеу және өңдеу үшін пайдаланылады. Сервис Қазақстанның электрондық үкімет инфрақұрылымының құрамдас бөлігі болып табылады.

EPS ақпараттық жүйесіне кіру үшін әр пайдаланушының жеке есептік жазбасы болуы қажет. Жеке есептік жазбасы жоқ пайдаланушыларды тіркеу біздің бөлімге «Документолог» жүйесі арқылы жолданған хат негізінде жүзеге асырылады.

Пайдаланушы құпия сөзін ұмытып қалған жағдайда, оны қалпына келтіру үшін біздің бөлімге хабарласады.

Бөлім тарапынан басқармалар мен аудандарға күнделікті негізде консультациялық және техникалық қолдау көрсетіледі.

Пысықталған өтінімдер саны

Есептік жазбаны құруға өтінімдер саны	Есептік жазбаны бұғаттауға өтінімдер саны	Парольді қалпына келтіру
31	32	27

«Е–лицензиялау»

https://arm.elicense.kz

«Е–лицензиялау «Мемлекеттік базасы» ақпараттық жүйесі лицензиялау процестерін, рұқсат беру құжаттарын автоматтандыру және лицензиялау–мемлекеттік органдар мен Қазақстан Республикасының бизнес–қоғамдастығы

арасындағы ақпараттық өзара іс–қимылдың тиімді, ашық механизмін қамтамасыз ету мақсатында құрылған.

Күн сайын облыс бойынша «Е–лицензиялау» ақпараттық жүйесі бойынша консультациялық–техникалық қолдау көрсетіледі.

Пысықталған өтінімдер саны

Есептік жазбаны ашуға өтінімдер саны	Есептік жазбаны бұғаттауға өтінімдер саны	Парольді қалпына келтіру/есептік жазбаны қайта ашу/рөлді өзгерту
48	130	204

E–Otinish

10.61.140.66/auth/login

E–Otinish–бұл күшіне енген Әкімшілік рәсімдік–процестік кодекс(ӘРПК) шеңберінде қаралатын азаматтардың барлық өтініштері үшін бірыңғай ақпараттық жүйесі.

Күн сайын бүкіл облыс бойынша E–Otinish ақпараттық жүйесі арқылы консультациялық–техникалық қолдау көрсетіледі.

Пысықталған өтінімдер саны

Есептік жазбаны ашуға өтінімдер саны	Есептік жазбаны жоюға өтінімдер саны	Парольді қалпына келтіру/рөлді өзгерту
45	32	287

Электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ)

Жетісу облысы бойынша белгіленген мерзімдерге сәйкес консультациялар, өзектендіру, ауыстыру және ЭЦҚ кілттерін орнату бойынша жұмыстар тұрақты негізде жүргізіледі.

Пысықталған өтінімдер саны

Берілген ЭЦҚ саны	Кері қайтарылған ЭЦҚ саны
37	11

Мемлекеттік органдардың Интранет–порталы

https://ipgo.gov.kz/login

Мемлекеттік органдардың Интранет-порталы (МОИП) - нормативтік құқықтық актілерді электрондық келісу жүзеге асырылатын электрондық үкіметтің бөлігі.

Пысықталған өтінімдер саны

Есептік жазбаны ашуға өтінімдер саны	Есептік жазбаны өшіруге өтінімдер саны	Парольді қалпына келтіру/өзгеріс енгізу
11	32	18

Ведомстволық бағынысты мекемелердің орталықтандырылған деректер базасы (e–zhetysu)

Бұл жүйе Жетісу облысында мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру мақсатында іске асырылды. Күн сайын көрсетілетін қызметті берушілер мен көрсетілетін қызметті алушыларға (аудандық бөлімдер, мектептер, мектепке дейінгі балалар ұйымдары, ата–аналар) Мемлекеттік қызметтер көрсету және алу бойынша консультациялық қолдау бойынша жұмыстар жүргізіледі.

Пысықталған өтінімдер саны

Есептік жазбаны ашуға өтінімдер саны	Парольді қалпына келтіру/өзгерту
17	20

«Documentolog» электрондық құжат айналымы жүйесі

https://7su.qujat.gov.kz

«Documentolog» электрондық құжат айналымы ақпараттық жүйесі электрондық құжат айналымы үдерістерін автоматтандыруға, құжаттарды өңдеудің ашықтығы мен жеделдігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдары арасындағы өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыруға арналған.

Бөлім тарапынан облыс бойынша жүйе пайдаланушыларына күнделікті негізде консультациялық және техникалық қолдау көрсетіліп, пайдаланушылардың өтінімдері бойынша тиісті жұмыстар жүргізілді.

Пысықталған өтінімдер саны

Келіп түскен өтінімдер саны	Өзгеріс енгізу/парольді қалпына келтіру
117	254

СКУД жүйесін әкімшілендіру:

СКУД жүйесінде 2 қызметкер тіркеліп, оларға қолжетімділік баптаулары жүргізілді және деректер турникетке жүктелді.

ЭЦҚ және криптографиялық бағдарламалық қамтамасыз етумен жұмыс:

«Tumar CSP» бағдарламалық жасақтамасы қайта орнатылып, 2 «Kaztoken» кілтінің жұмысы түзетілді.

3 ЭЦҚ рәсімделіп, берілді (2 — жеке тұлғалар үшін, 1 — заңды тұлға үшін).

5 ДСП кілтін орнату және параметрлерін баптау жұмыстары жүргізілді, сонымен қатар Қазынашылық жүйесіне арналған 1 кілт ашылды.

Техникалық қамтамасыз ету:

Жаңа қызметкерге арналған жұмыс орны (жүйелік блок) жиналып, бапталып, жұмысқа дайындалды.

Мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасы

Мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасы (бұдан әрі – МБКО) аудандар мен облыстық басқармалардағы жергілікті желіні білдіреді.

Бүгінгі таңда Жетісу облысы бойынша **188** жергілікті атқарушы орган (бұдан әрі – ЖАО) МБКО-ға қосылған.

Жергілікті желінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында ЖАО-лардың МБКО-ға қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін деректерді беру қызметтерін ұсынуға «Ұлттық ақпараттық технологиялар» акционерлік қоғамымен келісім-шарт жасалды.

Жергілікті желінің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында техникалық ақауларды анықтау және жою бойынша жұмыстар тұрақты түрде жүргізіледі. Облыс аудандарында МБКО байланысын орнату, сондай-ақ ауылдық округтердегі және Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі №26, Шевченко көшесі №38, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы №75 мекенжайларындағы әкімшілік ғимараттарда байланыс арналарының жұмысындағы ақауларды жою бойынша жұмыстар жүргізілді.

Аталған жұмыстар аясында бөлімге ауылдық округтерден қосылу нүктелерін ауыстыру бойынша өтінімдер келіп түсті. Барлық келіп түскен өтінімдер белгіленген мерзімдерде қаралып, орындалды және байланыс арналарының үздіксіз жұмысы қамтамасыз етілді.

Құрылымдық кабельдік жүйе

Жаңадан құрылған Туризм басқармасының қызметін ұйымдастыру «Tomorrow School» білім беру орталығын ашуға дайындық мақсатында бөлім тарапынан Интернет желісіне қолжетімділікті қамтамасыз ету және ішкі желілік инфрақұрылымды құру бойынша жұмыстар жүргізілді.

Атап айтқанда, құрылымдалған кабельдік жүйені (ҚКЖ) құру бойынша кабельдік желілерді тарту, желілік жабдықтарды монтаждау және баптау, сондай-ақ жұмыс орындарын қосу нүктелерін ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді.

Қосымша барлық қызметкерлердің жұмыс станцияларын жергілікті желіге және Интернет желісіне қосу, желілік параметрлерді баптау және олардың дұрыс жұмыс істеуін тексеру жұмыстары орындалды.

2026 жылғы 23–25 шілде аралығында «Zhetysu Alakol Fest – 2026» іс-шарасын ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету мақсатында облыс әкімінің орынбасары М. Қ. Көлбаевтың тапсырмасы бойынша инженер **Жетписбаев М. Б.** іс-шара өтетін орынға іссапармен барып, қажетті техникалық жұмыстарды жүргізді. Іссапар барысында Интернет желісінің және тиісті инфрақұрылымның жұмысқа қабілеттілігі тексерілді. Нәтижесінде Интернет байланысының тұрақты жұмысы және іс-шараны өткізуге арналған техникалық инфрақұрылымның дайындығы қамтамасыз етілді.

2026 жылғы 4–6 тамыз аралығында облыс әкімінің орынбасары М. Қ. Көлбаевтың тапсырмасы бойынша «Zhetysu Balkhash Fest – 2026» іс-шарасын өткізуге дайындық мақсатында **Жетписбаев М. Б. және Қажы Ж. М.** инженерлері Сарқан ауданына іссапарға барып, техникалық жұмыстар жүргізді. Іссапар барысында іс-шара өтетін аумаққа тексеру жүргізіліп, Интернет байланысын, коммуникацияларды және бейнебақылауды ұйымдастыру үшін жабдықтарды орналастыру орындары анықталды. Сондай-ақ электрмен жабдықтау мүмкіндіктері тексеріліп, жауапты өкілдермен қажетті ұйымдастырушылық-техникалық мәселелер келісілді.

2026 жылғы 12–15 тамыз аралығында Сарқан ауданына іссапар барысында **Жетписбаев М. Б. және Қажы Ж. М.** инженерлері «Zhetysu Balkhash Fest – 2026» іс-шарасын техникалық қамтамасыз ету бойынша кешенді жұмыстар жүргізді. Іссапар барысында бейнебақылау камералары орнатылып, бапталды, желілік және кабельдік қосылыстар тексерілді. Сонымен қатар Интернет байланысының тұрақтылығы тексеріліп, бейнебақылау камераларына қашықтан қолжетімділік бапталды.

2026 жылғы 27–28 тамыз аралығында Сарқан ауданына қызметтік іссапар барысында **Жетписбаев М. Б. және Қажы Ж. М.** инженерлері Балқаш көлінің жағалауындағы бейнебақылау жүйелері мен желілік инфрақұрылымның техникалық жағдайына тексеру жүргізді. Бейнебақылау камераларының, желілік жабдықтардың және қосылыстардың жұмысқа қабілеттілігі тексеріліп, бейнесигналды беру сапасы және камераларға қашықтан қолжетімділік бақыланды. Анықталған техникалық мәселелер бойынша қажетті баптау және түзету жұмыстары жүргізілді.

2026 жылғы 21 тамызда Құрылтайдың I шақырылымы депутаттарын сайлауды өткізуге дайындыққа байланысты бөлім бастығы **Югай В. А.** және инженерлер **Жетписбаев М. Б., Зарипов Е. Е.** сайлау учаскелерінің техникалық дайындығын тексерді. Тексеру барысында Интернет байланысының тұрақтылығы, сондай-ақ қажетті жабдықтардың, оның ішінде ноутбуктер мен веб-камералардың болуы және техникалық жағдайы тексерілді. Тексеру

нәтижесінде сайлау учаскелерінің ақпараттық-техникалық инфрақұрылымының іс-шараны өткізуге дайындығы расталды.

2026 жылғы 23 тамызда Құрылтайдың I шақырылымы депутаттарын сайлау күні ақпараттық-техникалық инфрақұрылымның үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету мақсатында бөлім қызметкерлерінің сағат **07:00-ден 00:00-ге дейін** кезекшілігі ұйымдастырылды. Кезекшілікті бөлім бастығы **Югай В. А.** және бөлім инженерлері атқарды. Сайлау барысында қызметкерлер желілік жабдықтардың және Интернет байланысының жұмысын тұрақты бақылауда ұстады. Кезекшілікті ұйымдастыру ықтимал техникалық ақаулар мен істен шығуларға жедел ден қоюға және олар туындаған жағдайда оларды уақтылы жою бойынша қажетті шараларды қабылдауға мүмкіндік берді.

Бейнеконференцбайланыс

2026 жылдың **III тоқсанында** онлайн және офлайн форматтарда барлығы **124** кеңес өткізілді, оның ішінде:

64 – Zoom платформасы арқылы;

28 – Polycom жүйесі арқылы;

18 – ішкі кеңес;

10 – аппараттық кеңес;

1 – Qosyl платформасы арқылы;

3 – көшпелі кеңес.

2026 жылғы 1 шілдеде «Салтанат сарайы» ғимаратында Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының заңды күшіне енуіне арналған «Жаңа Конституция – Әділетті Қазақстанның берік негізі» атты облыстық конференцияны техникалық қамтамасыз ету мақсатында бөлім бастығы **Югай В. А.** және инженер **Туребек Е. С.** мамандармен бірлесіп Интернет желісіне қосылуды ұйымдастыру және баптау жұмыстарын жүргізді. Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде іс-шараны тиісті деңгейде техникалық сүйемелдеуге қажетті тұрақты және үздіксіз Интернет байланысы қамтамасыз етілді.

2026 жылғы 24 шілдеде «Салтанат сарайы» ғимаратында Жетісу облысының онкологиялық қызметінің 70 жылдығына арналған **«70 жылдық жол: өткен тәжірибеден инновацияларға дейін»** атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияны техникалық қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізілді. Іс-шараны өткізуге қажетті жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында бөлім бастығы **Югай В. А.** және инженер **Туребек Е. С.** Интернет желісіне қосылуды ұйымдастырып, желілік жабдықтарды баптады. Тұрақты және үздіксіз Интернет байланысы, сондай-ақ Zoom платформасын пайдалана отырып, бейнеконференцбайланыстың техникалық сүйемелдеуі қамтамасыз етілді. Конференция барысында жабдықтар мен желілік сервистердің жұмысқа қабілеттілігі тұрақты бақылауда болып, қатысушылардың

тұрақты өзара байланысы және іс-шараның штаттық режимде өткізілуі қамтамасыз етілді.

2026 жылғы 13 тамызда Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары **Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаевтың** Жетісу облысына жұмыс сапарына байланысты Талдықорған қаласының әуежайында презентациялық және ақпараттық материалдарды көрсету үшін интерактивті панель орнатылды. Орнату жұмыстары аяқталғаннан кейін жабдыққа қажетті баптау жұмыстары жүргізіліп, оның техникалық жарамдылығы тексерілді және пайдалануға дайындығы қамтамасыз етілді.

«Жетісу облысы әкімдігінің ахуалдық орталығы» АЖ

https://sc-zhetisu.kz

Басталуы – 2024 жылғы қыркүйек.

2024 жылғы 9 қыркүйектегі №31 шарттың сомасы **91 млн теңгені**, 2025 жылғы 16 қаңтардағы қосымша келісімнің сомасы **64 млн теңгені** құрайды. 2026 жылғы 20 тамыздағы №240840000067/260061/00 шарттың сомасы **96 599 986 теңгені** құрайды.

55 кейстен тұратын тізбе бекітілді.

Жоба бөлінісіндегі негізгі көрсеткіштер:

- Іске асырылды: **55**;
- Ағымдағы күндегі пайдаланушылар саны: **442**.

Іске асырылған кейстер бөлінісінде:

- АРМ арқылы деректермен толықтыру көзделген: **14**;
- Интеграция көзделген: **9** *(ОМО тарапынан оң жауап болған жағдайда – 35)*;
- Сыртқы жүйелерден алынған деректерді жүктеу пайдаланылады: **29**;
- Жиынтық кейстер *(деректер көзі ретінде саланың бірнеше кейсін пайдаланатын)*: **3**.

ТТО объектілері туралы

Енгізу басталған күні: 2024 жылғы 26 шілде.

Оқушылардың, персоналдың және мүліктің қауіпсіздігін арттыру мақсатында Талдықорған қаласындағы әлеуметтік маңызы бар объектілерде **«УТО объектілеріндегі қауіпсіздікті мониторингілеудің бірыңғай жүйесі»** бағдарламалық кешені енгізілуде.

Жүйе дабыл сигналдарына жедел ден қоюға, жалған іске қосылу фактілерін тіркеуге, төтенше жағдайлардың алдын алуға және әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріндегі техникалық тәртіпті арттыруға арналған.

Бірінші кезеңде жүйе объектілердің жабдықтарын бірыңғай мониторинг контурына біріктіруді қамтамасыз етеді және нақты уақыт режимінде жергілікті автоматты өрт дабылы жүйелерінің жұмысын бақылауға мүмкіндік береді.

Бұдан әрі функционалды күзет-дабыл сигнализациясын, дабыл түймелерін, қолжетімділікті бақылау жүйелерін қосу, сондай-ақ келіп түсетін сигналдарға жедел ден қою есебінен кеңейту көзделген.

Бүгінгі таңда Талдықорған қаласының **54 білім беру объектісі** *(мектептер, балабақшалар, колледждер және әкімшілік ғимараттар)* жүйеге қосылған.

2026 жылы **«Smart City»** тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде Талдықорған қаласындағы терроризм тұрғысынан осал тағы **53 объектіні** Қауіпсіздікті мониторингілеудің бірыңғай жүйесіне қосу жоспарлануда. Басым тәртіппен денсаулық сақтау, спорт және мәдениет объектілері қарастырылады.

Конкурстық рәсімдер аяқталды, қазіргі уақытта жобаны іске асыру бойынша жұмыстар басталды. Бүгінгі күндегі жағдай бойынша жүйе **40 УТО объектісінде** іске асырылды.

2026 жылы УТО объектілерін қосу және интеграциялау жұмыстарының құны **51 300 000 теңгені** құрайды *(конкурс көрсетілген сомаға жарияланған)*. Салыстыру үшін, 2025 жылы жұмыстардың құны **73 894 736 теңгені** құрады.

Сонымен қатар, 2026 жылы мониторинг жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету қызметтерінің құны **60 683 350 теңгені** құрайды, ал 2025 жылы қызметтердің құны **32 120 000 теңгені** құрады.

Сонымен бірге Талдықорған қаласының әкімдігіне өрт қауіпсіздігін мониторингілеу жүйесін қосу және интеграциялау үшін техникалық мүмкіндіктің болмауына байланысты жекелеген УТО объектілерін ауыстыру туралы хат жолданды.

Жауап ретінде ауыстырылуға жататын УТО объектілерінің тізбесі алынды. Ұсынылған тізбе негізінде тиісті ұйымдарға көрсетілген объектілерге мамандардың қол жеткізуін ұйымдастыру үшін хаттар жолданды.

Қазіргі уақытта УТО объектілерін өрт қауіпсіздігін мониторингілеу жүйесіне қосу және интеграциялау жобасын іске асыру үшін қажетті дайындық ұйымдастыру іс-шаралары жүргізілуде. Бұл ретте **13 УТО объектісін қосу аталған объектілердегі жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады.**

Cell Broadcast жүйесі және халықты ерте хабарлау жүйесі туралы

Cell Broadcast (бұдан әрі — CB) – GSM ETSI комитеті айқындаған және GSM стандартының құрамына кіретін мобильді байланыс технологиясы. Бұл қысқа хабарламаларды кең көлемде тарату қызметі (SMS-CB) болып табылады. Cell Broadcast ұялы байланыс желісінің белгілі бір географиялық қамту аймағында орналасқан барлық абоненттерге бір уақытта қысқа хабарламаларды жедел жіберуге арналған. Бұл халықты төтенше жағдайлар, қауіп-қатерлер, ауа райының аномалиялары және өзге де шұғыл оқиғалар туралы уақтылы хабардар ету мақсатында жүзеге асырылады.

Сатып алудың мақсаты — азаматтарды төтенше жағдайлар, табиғи және техногендік сипаттағы қауіп-қатерлер туралы уақтылы хабардар ету, сондай-ақ **Cell Broadcast** технологиясы арқылы жер сілкіністері және өзге де шұғыл оқиғалар туралы ерте хабарлау жүйесін қамтамасыз ету үшін Жетісу облысы

халқын жаппай мобильді хабардар етудің заманауи жүйесін енгізу және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

Cell Broadcast технологиясы ұялы байланыс желілеріне артық жүктеме түсірмей, белгілі бір географиялық аймақта орналасқан барлық мобильді құрылғыларға хабарламаларды бір мезетте жедел жеткізуге мүмкіндік береді. Жүйенің негізгі артықшылығы — байланыс желілеріне жоғары жүктеме түскен жағдайда да төтенше ақпаратты халыққа жедел жеткізу мүмкіндігі.

Жобаны іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасының ұялы байланыс операторларымен жүйені интеграциялау, платформаның **2G, 3G, 4G және 5G** желілерінде жұмыс істеуін қамтамасыз ету, деректерді берудің қорғалған арналарын ұйымдастыру, сондай-ақ хабарламаларды басқару және хабарландыруларды мониторингілеу үшін **WEB-интерфейсті** енгізу көзделген.

Қосымша жоба шеңберінде:

- ерте хабарлаудың автоматтандырылған жүйесімен интеграциялау;
- жүйені байланыс операторларының желілері мен мобильді құрылғыларда тестілеу;
- сервистің тәулік бойы қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- қызметкерлерді жүйемен жұмыс істеуге оқыту;
- бағдарламалық-аппараттық кешенге сүйемелдеу және техникалық қолдау көрсету.

Аталған жобаны іске асыру Жетісу облысы халқының қауіпсіздік деңгейін арттыруға, төтенше жағдайлар кезінде жедел ден қоюды қамтамасыз етуге және өңірдегі азаматтық қорғау жүйесінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Жобаны қаржыландыру ағымдағы жылғы **10 сәуірдегі облыс мәслихатының шешімімен 111 360 000 теңге** көлемінде көзделген.

Жеткізушіні анықтау мақсатында конкурстық рәсімдер өткізілді. Бірінші конкурс ағымдағы жылғы **28 сәуірден 6 мамырға дейін** жарияланып, өткізілмеді деп танылды.

Қайта конкурс **18 мамырдан 25 мамырға дейін** жарияланды. Конкурстық рәсімдердің қорытындысы бойынша жеңімпаз ретінде **«Центр мобильной идентификации» ЖШС** айқындалды.

Қазіргі уақытта **«Цифрлық коммуникациялар орталығы» КММ** мен **«Цифрлық технологиялар басқармасы» ММ** және **«Центр мобильной идентификации» ЖШС** арасында **ҚҚС-ты қоса алғанда 97 440 000 теңге** сомасына шарт жасалды. Шарт бойынша қызмет көрсету мерзімі — **2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін**.

Жетісу облысының аумағында **2026 жылғы 15 маусымнан бастап Cell Broadcast** технологиясы негізінде жұмыс істейтін **«Mass Alert»** жедел хабарлау жүйесі енгізілді. Аталған технология байланыс операторларының қамту аймағында орналасқан абоненттердің мобильді құрылғыларына ұялы байланыс желілері арқылы төтенше хабарламаларды жаппай таратуға мүмкіндік береді. Бұл халықты қауіп-қатерлер мен төтенше жағдайлардың туындауы туралы уақтылы хабардар етудің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

2026 жылғы 17 маусымдағы жағдай бойынша **«Центр мобильной идентификации» ЖШС** мамандары жабдықты орнату, жүйені баптау және Жетісу облысының төтенше жағдайлар департаменті қызметкерлерін оқыту жұмыстарын аяқтады.

«Mass Alert» жүйесінің жұмысқа қабілеттілігін тексеру мақсатында Жетісу облысының төтенше жағдайлар департаменті **«Центр мобильной идентификации» ЖШС-мен** бірлесіп, айына екі рет Жетісу облысының аумағында жүйені тестілеуді жүргізеді, бұл ретте тестілеу нүктелері кезекпен өзгертіледі. Халыққа тестілік хабарламаларды жеткізудің орташа қамту көрсеткіші **91–94 пайызды** құрайды.

Тестілеу қорытындысы бойынша жүйе штаттық режимде жұмыс істеп, белгіленген техникалық талаптарға сәйкестігін растады.

Қазіргі уақытта **«Mass Alert» жүйесі пайдалануға берілді** және қауіп-қатерлер мен төтенше жағдайлар туындаған жағдайда Жетісу облысының халқын жедел хабардар ету үшін пайдалануға дайын.

«Қызмет 109» Бірыңғай байланыс орталығы

2022 жылдан бастап Жетісу облысында «Қызмет 109» Бірыңғай байланыс орталығы *(ББО)* жұмыс істейді. Ол тұрғындарға тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша тегін жүгіну мүмкіндігін ұсынады.

Өтініштер қабылдау арналары:

- «109» қысқа нөмірі арқылы *(қалалық және ұялы телефондар);*
- Instagram – @109_zhetysu_oblysy;
- WhatsApp – +7 707 728 21 09;
- Telegram-бот – @zhetysu109_bot;
- «Zhetysu 109» мобильді қосымшасы мен ашық порталы.

2025 жылдың 3 тоқсандағы өтініштердің статистикасы

Барлығы келіп түскені – 6 583 өтініш:
- орындалғаны – 6 019
- орындау үстінде – 564
- кешіктірілген өтініштер – 413

Instagram парақшасында күн сайын өтініштердің орындалу барысы туралы фото және бейне есептер *(«Бұрын» және «Кейін»)* жарияланады.

Өтініштердің ТОП-10 санаты:

1. анықтамалық ақпарат – 1 494
2. көше жарығы – 1 142
3. жол инфрақұрылымы – 608
4. ветеринарлық қызмет – 437
5. жасыл желек – 412
6. кәріз – 278
7. электрмен қамту – 250
8. сумен жабдықтау – 204
9. санитарлық тазалау – 195
10. қатты тұрмыстық қалдықтар – 162

Өтініштерді қабылдау арналары бойынша бөлінуі:

- Телефон «109» – 3 607
- WhatsApp – 1 883
- Instagram – 913
- Мобильді қосымша – 152
- Ашық портал – 22
- Telegram чат-бот – 6

Құқық қорғау органдарымен бірлескен жұмыс

Қоғамдық тәртіп, рұқсатсыз қоқыс тастайтын орындар және қоғамдық тыныштықты бұзу мәселелері бойынша полицияның учаскелік пункттерімен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету жұмысы жүргізілуде.

Жұмыстың тиімділігін бақылау және талдау

Тұрғындардың өтініштері күн сайын бақыланады.

Әр 15 күн сайын келіп түскен, орындалған және кешіктірілген өтініштер бойынша талдау жүргізіледі. Мақсат - бақылауды жақсарту, жағдайды басқару және ББО жұмысының тиімділігін арттыру.

Өтініштердің орындалу кестесі

№	Атауы	Жұмыста	Кешіктірілген	Орындалған	Барлығы
1	Талдықорған қ. әкімінің аппараты	494	358	5410	5904
2	Текелі қ. әкімі аппараты	21	18	53	74
3	Ақсу ауданы әкімі аппараты	1		13	14
4	Алакөл ауданы әкімі аппараты			69	69
5	Ескелді ауданы әкімі аппараты			110	110
6	Қаратал ауданы әкімі аппараты	9	8	114	123
7	Кербұлақ ауданы әкімі аппараты	1		51	52
8	Көксу ауданы әкімі аппараты	6	2	134	140
9	Панфилов ауданы әкімі аппараты	32	27	41	73
10	Сарқан ауданы әкімі аппараты			24	24
	БАРЛЫҒЫ:	**564**	**413**	**6019**	**6583**

ББО-ны (Бірыңғай байланыс орталығын) насихаттау

Орталықтың қызметі туралы ақпарат әкімдіктердің ресми сайттарында және Instagram парақшаларында жарияланады.

Халықты хабардар ету мақсатында бейнероликтер мен таратпа материалдар әзірленді.

Талдықорған қаласында ББО қызметі туралы бейнепрезентациялар көрсетілетін жарнамалық баннерлер мен LED-экрандар орнатылды.

Азаматтарды қабылдау орталығы

Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасын және «Еститін мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру аясында, сондай-ақ ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 15 наурыздағы №214 қаулысына сәйкес, Жетісу облысында Азаматтарды қабылдау орталығы (АҚО) ашылды.

АҚО – бұл мемлекеттік органдар мен халық арасындағы өзара іс-қимылға арналған орталықтандырылған алаң. Негізгі мақсаты – азаматтарға қызмет көрсету сапасын арттыру. Орталық қызметі аясында:

- Мемлекеттік органдардың консультациялары;
- Азаматтарды жеке қабылдау;
- Өтініштерді қабылдау және тіркеу жүргізіледі.

АҚО-ның функция лары мен құрылымы

АҚО-ның негізгі міндеттері:

- Өтініштерді рәсімдеу бойынша түсіндіру, ұсыныстар беру және көмек көрсету;
- Берілген өтініштердің мәртебесі туралы ақпарат беру;
- Өтініштерді тиісті мемлекеттік органдарға жолдау;
- Басшылардың жеке қабылдауларын ұйымдастыру.

АҚО келесі аймақтардан тұрады:

- «Ресепшн» – өтініш берушілерді тіркеу;
- «Күту аймағы» – келушілерге арналған жайлы кеңістік;
- «Өзін-өзі қызмет көрсету» – онлайн-сервистерге қолжетімділік (Egov.kz, Kezek.kz, Sud.kz, E-qonaq.kz, E-license);
- «Кеңес беру» – мамандардан түсіндірме алу;
- «Нәтиже» (Е-өтініш) – электрондық форматта өтініш беру;
- «Жеке қабылдау» – басшылықпен кездесулер.

Азаматтарға қызмет көрсету үшін «Цифрлық коммуникациялар орталығы» КММ-нің 8 қызметкері және келесі мемлекеттік органдардың 6 маманы жұмылдырылған:

- Білім басқармасы;
- Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы;
- Жер қатынастары басқармасы;
- Талдықорған қаласының тұрғын үй инспекциясы бөлімі;
- Талдықорған қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі;
- Талдықорған қаласының тұрғын үй қатынастары бөлімі.

2026 жылдың 2026 жылдың 3- тоқсан – 1 шілдеден 30 қыркүйеке дейінгі кезең АҚО жұмысының статистикасы

- Барлығы 6 250 адам жүгініп, қызмет алды;
- Мемлекеттік органдар қызметкерлерінен 575 адам кеңес алды;
- Өзін-өзі қызмет көрсету аймағында 2 760 адам электрондық қызметтерге жүгінді;
- Электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) алғандар – 2 550 адам;
- «Нәтиже» (Е-өтініш) аймағына 125 адам жүгінді.

Азаматтарды жеке қабылдау

- Облыс әкімі – 16 адам;
- Облыс әкімінің орынбасарлары – 35 адам;
- Қала әкімі – 87 адам;
- Қала әкімінің орынбасарлары – 64 адам;
- Басқармалар мен аумақтық органдардың басшылары – 38 адам.

Аудандық АҚО ашылуы (2024 жылғы желтоқсан)

Алакөл, Сарқан, Панфилов, Қаратал аудандарында және Текелі қаласында жұмыс істейді.

6 749 адамға қызмет көрсетілді, қосымша 5 қызметкер тартылды.

- 2026 жылдың 3 - тоқсан – 1 шілдеден 30 қыркүйеке дейінгі кезең бойынша аудандық статистика:

- Текелі қ. – 1 271
- Алакөл ауданы – 451
- Сарқан ауданы – 544
- Қаратал ауданы – 1 544
- Панфилов ауданы – 2 939

Әр ауданда консультациялар беру, е-сервистер бойынша көмек көрсету, ЭЦҚ беру, әкімдер мен басқа да жауапты тұлғалардың қабылдаулары жүзеге асырылады.

Автомобиль жолдарында автоматты тіркеу жүйелері мен қоғамдық қауіпсіздік камераларын орнату

2024 жылы облыстың автомобиль жолдарында жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету шеңберінде шарт жасалып, **34 аппараттық-бағдарламалық кешен** (бұдан әрі – АБК) құрамында **216 бейнебақылау камерасы** орнатылды («Көркем Телеком» ЖШС).

2026 жылы барлық **34 АБК жаңғырту және қосымша жабдықтау** жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда, бейнебақылау камераларының ажыратымдылығы арттырылып, жылдамдықты тіркейтін радиолокациялық датчиктер орнатылды.

Барлық кешендер жаңғыртылып, салыстырып **тексеру сертификаттары алынды**. Қазіргі уақытта аталған кешендерді Әкімшілік құқық

бұзушылықтардың бірыңғай тізілімінің процессингтік орталығымен (бұдан әрі – ӘҚББТ ПО) интеграциялау жұмыстары жүргізілуде.

2025 жылы облыстың автомобиль жолдарында қосымша **34 АБК** құрамында **220 бейнебақылау камерасы** орнатылды («Big Data Lab» ЖШС).

Аталған **АБК ӘҚББТ процессингтік орталығына қосылған** және штаттық режимде жұмыс істеуде.

2025 жылы 33 орында бет-әлпетті тану функциясы бар **87** бейнебақылау камерасы орнатылды.

Алакөл ауданының Ақши ауылында, Алакөл көлінің жағалауында **30** бейнебақылау камерасы орнатылды.

Талдықорған қаласында **165** бейнебақылау камерасы орнатылды. Оның ішінде **144** камера сауда үйлерінде, ал **21** камера қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау алаңдарында орнатылған.

2025 жылы орнатылған бейнебақылау камераларының жалпы саны – **718.**

2026 жылы **Бірыңғай бейнемониторинг жүйесі** платформасының мүмкіндіктері **2 000** бейнебақылау камерасына дейін кеңейтілді. Бейнеаналитика функциясымен қамтылған камералар саны **150** бірлікке дейін ұлғайтылды (***2025 жылы – 30 бірлік, өсім 5 есе***). Қазіргі уақытта жүйеге 1 470 камера қосылған, жүйені одан әрі кеңейту жұмыстары жалғасуда.

Сонымен қатар, Талдықорған қаласындағы **27** жалпы білім беретін мектеп пен **3** колледжде **64** бейнебақылау камерасы орнатылды.

Басқарма басшысының м.а. **Е. Қылышбаев**